

Суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастрын және су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 19-1/718 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 25 қыркүйекте № 12109 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастрын және су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы*

С. Омаров

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 7 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 27 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 17 тамыз

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 31 шілдедегі
№ 19-1/718 бұйрығымен
бекітілген

Суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастрын және су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 17.07.2023 № 220 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастрын және су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Су кодексінің 37-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді және суларды мемлекеттік есепке алуды және оларды пайдалануды, мемлекеттік су кадастрын және су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік су кадастры (бұдан әрі – МСК) су объектілерінің жай-күйі мен пайдаланылуы туралы, олардың су ресурстары туралы, су пайдаланушылар туралы жүйелендірілген ресми деректер жиынтығын білдіреді.

3. Жер үсті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу деректері жер үсті және жер асты су объектілерінің сапалық және сандық көрсеткіштері бойынша жай-күйін, олардың адам өмірі мен денсаулығы үшін өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік дәрежесін, зерделенуі мен пайдаланылуын сипаттайды.

4. Жер үсті және жер асты суларын мемлекеттік есепке алу Қазақстан Республикасының аумағында бар су ресурстарының сандық және сапалық көрсеткіштерін жүйелі түрде айқындау мен тіркеуді білдіреді.

5. Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингі жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын су объектілерінің мемлекеттік мониторингі олардың жай-күйінің гидрологиялық, гидрогеологиялық, гидрогеохимиялық,

санитариялық-химиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштерін тұрақты байқаулар жүйесін, теріс процестерді уақтылы анықтау мақсатында алынған ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді, оның ішінде Жерді қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып жинауды, өңдеуді және беруді, олардың дамуын бағалау және болжау, зиянды салдардың алдын алу және жүзеге асырылатын су шаруашылығы іс-шараларының тиімділік дәрежесін айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеуді білдіреді.

2 - тарау. Суды мемлекеттік есепке алуды жүргізу және оларды пайдалану тәртібі

6. Су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы:

1) судың мемлекеттік есебін жүргізуге және оларды пайдалануға байланысты мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіреді;

2) ведомстволық бағынысты су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарында судың есебін жүргізуді жүзеге асырады;

3) бастапқы су пайдаланушыларды тіркеуді жүзеге асырады.

Суды алу, пайдалану және су бұру туралы деректер осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес "Жер үсті және жер асты суларының ресурстары, оларды пайдалану және сапасы" МСК басылымының суды пайдалану туралы бөліміне енгізіледі.

7. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жер асты суларын мемлекеттік есепке алу бөлігінде жер қойнауын гидрогеологиялық зерттеу материалдары негізінде жер асты суларының болжамды және пайдалану қорларын есепке алуды қамтамасыз етеді.

Жер асты суларының болжамды және пайдалану қорларын есепке алу туралы деректер осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес "Жер үсті және жер асты суларының ресурстары, оларды пайдалану және сапасы" МСК басылымының жер асты су ресурстары жөніндегі бөліміне енгізіледі.

8. Су пайдаланушылар "Суды бастапқы есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11131 болып тіркелген) бекітілген тәртіппен суды пайдаланудың есебін жүргізеді;

9. Жер үсті суларының гидрологиялық мониторингі бөлігінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) мемлекеттік бақылау желісін пайдалана отырып, жер үсті суларының мемлекеттік гидрологиялық мониторингін жүзеге асырады;

2) жыл сайын гидрологиялық мониторинг нәтижелері бойынша режимдік-анықтамалық ақпаратты (судың орташа айлық және орташа жылдық шығыстары) дайындайды және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының 8 бассейні бойынша өзен ағыны ресурстарының одан әрі есебін

орындау үшін есепті жылдан кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына береді.

Су шаруашылығы бассейндері бойынша өзен ағынының ресурстары бойынша есептік деректер, байқалған және табиғи ағын туралы ақпарат осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес "Жер үсті және жер асты суларының ресурстары, оларды пайдалану және сапасы" МСК басылымының жер үсті су ресурстары жөніндегі бөліміне енгізіледі.

3 - тарау. Су объектілеріне мемлекеттік мониторинг жүргізу тәртібі

10. Су объектілеріне мемлекеттік мониторинг жүргізу үшін:

1) Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган:

Қазақстан Республикасындағы су тасқыны жағдайына мониторинг жүргізуді; осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес уәкілетті органның ведомствосына және оның өңірлік органдарына, ұлттық гидрометеорологиялық қызметке азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы уәкілетті органның ведомствосына және оның өңірлік органдарына және ұлттық гидрометеорологиялық қызметке ұсынатын гидрологиялық ақпарат тізбесінде көрсетілген ақпаратты өтеусіз беруді қамтамасыз етеді.

2) Жер асты су объектілерінің мемлекеттік мониторингі шеңберінде жер қойнауын зерттеу саласындағы уәкілетті орган мыналарды:

"Жер қойнауына мемлекеттік мониторингті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 312 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17056 болып тіркелген) жер қойнауының мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру қағидалары негізінде жерасты су объектілерінің мониторингін жүзеге асыруды;

гидрогеологиялық өңірлер мен бассейндер, облыс аумақтары бойынша және жалпы Қазақстан Республикасы бойынша жерасты су объектілерінің жай-күйі туралы деректерді өңдеу, жинақтау және сақтау, жыл сайын қорытындылауды қамтамасыз етеді.

3) Жер үсті су объектілерінің мемлекеттік мониторингі шеңберінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мыналарды:

жер үсті су объектілерінде станциялар мен бекеттердің мемлекеттік бақылау желісін құру және дамыту, сондай-ақ физикалық, химиялық, гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті суларының режимін, саны мен сапасын бақылауды ұйымдастыруды;

ақпаратты жинауды, өңдеуді, жалпылауды, жинақтауды, сақтауды және таратуды ұйымдастыру, өзендер, теңіздер бассейндері, олардың учаскелері бойынша жер үсті суларының мониторингінің деректер банкіні жүргізуді;

мемлекеттік органдарға, су пайдаланушыларға су объектілерінің ластану деңгейі (жерасты суларынан басқа) және шаруашылық қызметтің және гидрометеорологиялық жағдайлардың әсерінен оның өзгеру мүмкіндігі туралы ақпаратты, жер үсті суларының ластану деңгейінің күрт өзгеруі туралы шұғыл ақпаратты беруді;

уәкілетті органның ведомствосына және оның өңірлік органдарына, дағдарыс жағдайларында басқару орталығына және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне өтеусіз беруді:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет уәкілетті органның ведомствосына және оның өңірлік органдарына, дағдарыс жағдайларында басқару орталығына және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне ұсынатын болжамдық және гидрологиялық ақпарат тізбесінде көрсетілген болжамдық және гидрологиялық ақпаратты;

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет уәкілетті органның ведомствосына және оның өңірлік органдарына, дағдарыс жағдайларында басқару орталығына және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне ұсынатын жедел гидрологиялық ақпарат тізбесінде көрсетілген жедел гидрологиялық ақпаратты;

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес уәкілетті органның ведомствосына және оның өңірлік органдарына Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет ұсынатын режимдік-анықтамалық ақпарат тізбесінде көрсетілген режимдік-анықтамалық ақпаратты қамтамасыз етеді.

4) Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган ашық су айдындары мен ауыз сумен жабдықтау объектілерінің су сапасының санитариялық-эпидемиологиялық мониторингі шеңберінде мыналарды:

"Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-193/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21640 болып тіркелген) сәйкес 1 және 2-санаттағы ашық су қоймаларындағы су сапасының және ауыз сумен жабдықтаудың санитариялық-химиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және токсикологиялық жай-күйіне санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүзеге асыруды;

уәкілетті органға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға 1 және 2-санаттағы ашық су қоймаларындағы су сапасының санитариялық-эпидемиологиялық мониторингінің және ауыз сумен жабдықтаудың жинақталған деректерін өтеусіз беруді;

5) Ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті орган мыналарды қамтамасыз етеді:

Жерді қашықтықтан зондтау жүргізу және уәкілетті органның ведомствосына және оның өңірлік органдарына жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін өтеусіз беруді;

6) Су пайдаланушы:

бақылау пункттерінің меншікті (жеке) желісінде орындалатын су режимін және жерасты суларының сапасын зерделеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне мониторинг жүргізуді;

өз зертханаларында немесе мемлекеттік аттестациясы бар басқа кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің зертханаларында ағызылатын судың химиялық құрамын анықтауды;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға, уәкілетті органдарға және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесіне ластаушы заттардың авариялық төгінділері туралы, сондай-ақ су объектілерінен су алудың және оларға су ағызудың белгіленген режимінің бұзылуы туралы шұғыл ақпаратты өтеусіз беруді қамтамасыз етеді.

7) Уәкілетті органның ведомствосы су объектілерінің мемлекеттік мониторингі шеңберінде мыналарды:

су объектілеріне мемлекеттік мониторинг жүргізуге байланысты мемлекеттік органдардың жұмыстарын үйлестіруді;

ведомстволық бағынысты су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарындағы судың мониторингі мен есебін жүргізуді жүзеге асыруды;

ұлттық гидрометеорологиялық қызметке, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне, дағдарыс жағдайларында басқару орталығына уәкілетті орган ведомствосының өңірлік органдары халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органға ұсынатын жедел гидрологиялық ақпарат тізбесінде көрсетілген ақпаратты өтеусіз беру, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес дағдарыс жағдайларында басқару орталығына және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне;

жыл сайын су объектілерінің жай-күйі және су ресурстарын пайдалану туралы деректерді жинақтауды, өңдеуді, сақтауды қамтамасыз етеді.

8) Орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган:

су объектілеріндегі жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруды;

су объектілеріндегі жануарлар дүниесінің мемлекеттік есебін, кадастрын және мониторингін жүргізуді;

су объектілеріндегі жануарлар дүниесіне мемлекеттік мониторинг жүргізуге байланысты мемлекеттік органдардың жұмыстарын үйлестіруді;

су объектілеріндегі жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде сирек кездесетін және Құрып кету қаупі төнген объектілерді қорғау және өсімін молайтуды қамтамасыз етеді.

4 - тарау. Мемлекеттік су кадастрын жүргізу тәртібі

11. МСК жүргізуді Қазақстан Республикасы Су кодексінің 59-бабының 4-тармағына сәйкес уәкілетті органның ведомствосы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен (жер үсті сулары бойынша) және жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органмен (жер асты сулары бойынша) бірлесіп жүзеге асырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 166-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес "Жер үсті сулары" деген 1-бөлім бойынша МСК жүргізуді ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі "Жер үсті сулары" деген 1-бөлім бойынша МСК жүргізеді және МСК жарияланатын бөлігінің құрамына кіретін "Жер үсті сулары" деген бөлім бойынша МСК басылымдарын жариялайды.

Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган жер асты суларын мемлекеттік есепке алу бөлігінде 2-бөлімнің "Жер асты сулары" бөлімі бойынша МСК жүргізуді жүзеге асырады.

Уәкілетті органның ведомствосы суды есепке алу және пайдалану бөлігінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3-бөлім "Суды пайдалану" бойынша МСК жүргізуді жүзеге асырады, МСК-ның 3-бөлімі бойынша жинақтауды орындайды және "Жер үсті және жер асты суларының ресурстары, оларды пайдалану және сапасы" МСК-ның жыл сайынғы басылымдарын жариялайды.

12. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган (жерүсті сулары бойынша) және жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган (жерасты сулары бойынша) өздерінің құзыретіне жататын бөлімдер бойынша деректерді есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей өтеусіз негізде ұсынады.

13. Есепті жылдан кейінгі екінші жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей МСК деректері өзендер, теңіздер, мұздықтар мен көлдер бассейндері, су шаруашылығы бассейндері мен учаскелері бойынша, облыстар және тұтастай Қазақстан Республикасы бойынша, ал жерасты сулары бөлімі бойынша – гидрогеологиялық өңірлер мен бассейндер бойынша жүйеленеді және шығарылады.

14. МСК енгізілген су объектісінің паспорты болады, онда осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу нөмірі, атауы және физикалық-географиялық,

геологиялық-гидрологиялық, техникалық, құқықтық және экономикалық көрсеткіштерді қамтитын кешенді сипаттамасы көрсетіледі.

15. "Жер үсті және жер асты суларының ресурстары, оларды пайдалану және сапасы" МСК басылымын дайындау:

1) мемлекеттік және мемлекетаралық маңызы бар су объектілері мен олардың учаскелері, өзендер, теңіздер, мұздықтар мен көлдер бассейндері, облыстар және тұтастай Қазақстан Республикасы бойынша-жер үсті суларының ресурстары, олардың табиғи жағдайлардағы және шаруашылық қызметтің ықпалындағы сапасы мен өзгеруі туралы;

2) жерасты суларының ресурстары мен қорлары, деңгейлері мен су іріктеуі, жерасты суларының гидродинамикалық көрсеткіштері мен сапасы, олардың табиғи жағдайлардағы және жерасты суларының учаскелері мен кен орындары, су тұтқыш горизонттар, гидрогеологиялық өңірлер мен бассейндер, су шаруашылығы учаскелері мен өзен бассейндері, облыстар және тұтастай Қазақстан Республикасы бойынша шаруашылық қызметтің әсерінен өзгеруі туралы;

3) ішкі теңіздердің бассейндері, мемлекеттік маңызы бар өзендер, су шаруашылығы учаскелері, экономикалық аудандардың аумақтары, облыстар және тұтастай Қазақстан Республикасы бойынша, сондай-ақ су пайдалану түрлері және экономика салалары бойынша-суды пайдалану туралы.

16. МСК жүргізу жүйесінің (тиісті бөлімдер бойынша) бірлігін қамтамасыз ету және жалпы мемлекеттік су кадастрын жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру үшін уәкілетті орган үйлестіру–сараптама кеңесін құрады, оның құрамына тепе-тең негізде уәкілетті органның, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның өкілдері кіреді.

17. МСК жүргізу үшін мыналар:

1) ақпаратты жинау, бақылау, өңдеу, сақтау, автоматтандырылған деректер банкіні қалыптастыру және ақпаратты іске асыру;

2) МСК деректер банкіні қалыптастыру және жүргізу бойынша әдістерді, алгоритмдерді және машиналық бағдарламаларды әзірлеу және жетілдіру;

3) мемлекеттік су кадастрын жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарды, әдістемелік нұсқауларды және басқа да нормативтік–техникалық құжаттарды әзірлеу;

4) су ресурстарын ағымдағы және перспективалық бағалау (суды пайдалану) және олардың шаруашылық қызметтің әсерінен өзгеруі;

5) МСК-ны қорыту;

6) мемлекеттік су кадастрын және автоматтандырылған ақпараттық жүйені жүргізудің ұйымдық құрылымы мен тәртібінің жалпы қағидаттары мен ғылыми–әдістемелік негіздерін әзірлеу;

7) мемлекеттік су кадастрын жетілдіру жөніндегі ғылыми–зерттеу жұмыстары;

8) ведомствоаралық ақпарат алмасу жүзеге асырылады.

18. Уәкілетті органның ведомствосы МСК шеңберінде мыналарды қамтамасыз етеді

:

1) мемлекеттік органдардың МСК жүргізуге байланысты жұмыстарын үйлестіру;

2) МСК-ны дайындау, жалпылау;

3) уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру;

4) Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстарының мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесінде "Жер үсті және жер асты суларының ресурстары, оларды пайдалану және сапасы" МСК жыл сайынғы басылымын орналастыру.

Суларды және олардың
пайдаланылуын
мемлекеттік есепке алуды,
мемлекеттік су кадастрын және
су объектілерінің мемлекеттік
мониторингін жүргізу
қағидаларына
1-қосымша

Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің уәкілетті органның ведомствосына және оның өңірлік органдарына ұсынатын режимді-анықтамалық ақпараттардың тізбесі

Келесі гидрологиялық бекеттер бойынша өткен жылғы орташа айлық және орташа жылдық су жұмсау:	
1	2
Ақмола облысы	
1	Есіл өзені–Вологодоновка ауылы
2	Есіл өзені–Түрген ауылы
3	Жабай өзені–Атбасар қаласы
4	Жабай өзені–Балкашино ауылы
5	Қалқұтан өзені–Қалқұтан ауылы
6	Мойылды–Николаевка ауылы
7	Нұра өзені– Р.Қошқарбаев ауылы
8	Нұра өзені – Теңгіз көлі (Қорғалжын қорығы)
9	Сілеті өзені–Изобильное ауылы
10	Сілеті өзені–Приречное ауылы
11	Шағалалы өзені–Павловка ауылы
Ақтөбе облысы	
12	Қарағалы өзені–Қарғалы ауылы
13	Қарахобда–Алпасай кенті
14	Қосістек өзені–Қосістек ауылы
15	Ор өзені–Бөгетсай ауылы
16	Темір өзені–Ленинский кенті
17	Темір өзені–Сағашилі ауылы
18	Уіл өзені-Уіл ауылы
19	Үлкен Қобда өзені–Қобда ауылы

20	Ырғыз өзені–Шеңбертал ауылы
21	Ілек өзені–Ақтөбе қаласы
Алматы облысы	
22	Ақсу өзені–Матай темір жол станциясы
23	Басқан өзені–Екі аша ауылы
24	Бұтақ өзені–Бұтақ ауылы
25	Быжы өзені–Қарамсақ ауылы
26	Есік өзені–Есік қаласы
27	Көксу өзені–Көксу ауылы
28	Көктал өзені–Аралтөбе ауылы
29	Күрті өзені–Ленин көпірі
30	Кіші Алматы–Алматы қаласы
31	Кіші Алматы өзені–М.Мыңжылқы
32	Кіші Алматы өзені–Сарысай өзені сағасынан төмен
33	Қараой өзені–Текелі қаласы
34	Қаратал өзені–Ақжар ауылы
35	Қарқара өзені–Таудан шыға бере
36	Қаскелең өзені–Қаскелең қаласы
37	Қорғас өзені –Басқұншы ауылынан 11 километр жоғары
38	Лепсі өзені–Лепсі ауылы
39	Лепсі өзені–Төлебаев ауылы
40	Проходная өзені–саға
41	Сарықан өзені–Сарқанд қаласы
42	Текелі өзені–Текелі қаласы
43	Текес өзені–Текес ауылы
44	Тентек өзені–Төңкеріс шатқалы
45	Терісбұтақ –саға
46	Түрген өзені–Таутүрген ауылы
47	Үлкен Алматы–Үлкен Алматы өзенінен 2 километр жоғары
48	Шарын өзені–Сарытоғай шатқалы
49	Шыжың өзені–Текелі қаласы
50	Шілік өзені–Малыбай ауылы
51	Іле өзені–Добын айлағы
52	Іле өзені–Қапшағай СЭС 164 километр жоғары
53	Іле өзені–Қапшағай шатқалы
Атырау облысы	
54	Жайық өзені–Махамбет кенті
Батыс Қазақстан облысы	
55	Жайық өзені–Күшім ауылы
56	Күперанқаты өзені–Алғабас ауылы

57	Күшім каналы–Күшім ауылы
58	Шаған өзені–Чувашинское аулы
59	Ілек өзені–Шілік ауылы
Жамбыл облысы	
60	Асса өзені–Маймақ темір жол станциясы
61	Құрағаты өзені–Аспара темір жол станциясы
62	Мерке өзені –Ұлбұтой қыст.
63	Талас өзені–Жасөркен ауылы
64	Теріс өзені–Нұрлыкент ауылы
65	Шу өзені–Қайнар ауылы
66	Шу өзені–Тасөткел ауылы
67	Шу өзені, Кіші Арна тармағы–Ұланбел ауылы
68	Шу өзені, Үлкен Арна тармағы–Ұланбел ауылы
Қарағанды облысы	
69	Мойынты өзені–Киік темір жол станциясы .
70	Нұра өзені–Ақмешіт ауылы
71	Нұра өзені–Балықты темір жол станциясы
72	Нұра өзені–Бесоба ауылы
73	Нұра өзені–Шешенқара ауылы
74	Сарысу өзені–189 айыр.
75	Талды өзені–Новостройка ауылы
76	Тоқырауын өзені–Ақтоғай ауылы
77	Шерубайнұра өзені–Қарамұрын айыр
Қостанай облысы	
78	Аят өзені–Варвинка ауылы
79	Дәмді өзені–Дәмді ауылы
80	Желкуар өзені–Чайковский атындағы совхоз.
81	Қамысты – Аят өзені–Свердловка кенті
82	Қара-Торғай өзені–Үрпек кенті
83	Обаған өзені–Ақсуат ауылы
84	Сарыторғай өзені–Екідің кенті
85	Тобыл өзені–Аққарға ауылы
86	Тобыл өзені–Грищенко ауылы
87	Тобыл өзені–Қостанай қаласы
88	Тобыл өзені–Милютинка ауылы
89	Тоғызақ өзені–Тоғызақ ауылы
90	Торғай өзені–Түсім құмы
91	Үй өзені–Үй ауылы
Қызылорда облысы	
92	Сырдария өзені–Қала типті Жосалы кентінің Қараөзек тармағы
93	Сырдария өзені–Керікелмес разьезді

94	Сырдария өзені–Қазалы қаласы
95	Сырдария өзені–Қаратерең ауылы
96	Сырдария өзені–Тасбөгет кенті
97	Сырдария өзені–Төмен арық темір жол станциясы
Түркістан облысы	
98	Ақсу өзені–Сарқырама ауылы
99	Арыстанды өзені–Алғабас ауылы
100	Ашылған өзені–Майдантал ауылы
101	Бадам өзені–Қараспан ауылы
102	Болдырбек өзені–Мем. қорық кордонында
103	Боралдай өзені–Боралдай ауылы
104	Бөген өзені–Екпінді ауылы
105	Жабағылысу өзені–Жабағлы ауылы
106	Келес өзені–саға
107	Қарашірік өзені–Хан тағы ауылы
108	Қаттабүтін өзені–Жарықбас ауылы
109	Көкбұлақ өзені–Пістелі ауылы
110	Сайрам өзені–Тасарық ауылы
111	Сырдария өзені–Келес өзені сағасынан жоғары
112	Сырдария өзені–Шардара су қойм. төменгі бьефі
Павлодар облысы	
113	Ертіс өзені–Прииртышское ауылы
Солтүстік Қазақстан облысы	
114	Аққанбұрлық өзені–Ковыльное ауылы
115	Аққанбұрлық өзені–Возвышенка ауылы (2012 ж. ашылды)
116	Есіл өзені–Долматова ауылы
117	Есіл өзені–Тоқсанби ауылы
118	Есіл өзені–Петропавловск қаласы
119	Иманбұрлық өзені–Соколовка ауылы
120	Шағалалы өзені–Северное ауылы
Шығыс Қазақстан облысы	
121	Аягөз өзені–Аягөз қаласы
122	Аягөз өзені–Тарбағатай ауылы
123	Бестеректі өзені–Мойылды ауылы
124	Бұқтырма өзені–Орманды айлағы ауылы
125	Бұқтырма өзені–Барлық ауылы
126	Еміл өзені–Қызылту кенті
127	Ертіс өзені–Семиярка ауылы
128	Күршім өзені–Вознесенка ауылы
129	Қалжыр өзені–Қалжыр ауылы
130	Қара Ертіс–Боран кенті

131	Левая Березовка өзені–Средигорное ауылы
132	Нарын өзені–Үлкен Нарын ауылы
133	Оба өзені–Шемонайха ауылы
134	Үлбі өзені–Үлбі Перевалочная ауылы
135	Үлкен Бөкен–Жұмба ауылы

Суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастрын және су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының "Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесі уәкілетті органның ведомствосына және оның өңірлік органдарына және ұлттық гидрометеорологиялық қызметке ұсынатын гидрологиялық ақпараттың тізбесі

№ р/с	Су қоймасының атауы	Облыс	Ақпарат түру	Кезеңділігі	Ақпарат алатын ұйым
1	2	3	4	5	6
1	Қазақстан Республикасындағы тасқын су жағдайы туралы ақпарат	Барлық облыстар бойынша	Су тасқыны жөнінде мәліметтер	Су тасқыны кезеңінде күн сайын	Уәкілетті органның ведомствосы және оның Бассейндік инспекциялары.

Суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастрын және су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларына
3-қосымша

Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет уәкілетті органның ведомствосына және оның өңірлік органдарына, дағдарыс жағдайларында басқару орталығына және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне ұсынатын болжамдық және гидрологиялық ақпараттың тізбесі

Р/с №	Ақпарат түрі	Кезеңділігі	Ақпаратты беретін ұйым	Ақпаратты алатын ұйым
1	2	3	4	5
	Қазақстанның бассейндеріндегі 1 ақпандағы деректер бойынша			уәкілетті органның ведомствосы және оның бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау

1	су қорының жиналуы және су тасуы және суару кезеңінде күтілетін өзен сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (алдын ала болжам)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі	саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
2	Қазақстанның бассейндеріндегі I наурыздағы деректер бойынша су қорының жиналуы және су тасуы және суару кезеңінде күтілетін өзен сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі	уәкілетті органның ведомствосы және оның бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
3	Ашу мерзімінің болжамы (Ертіс, Сырдария)	Жылына бір рет (қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі және оның филиалдары	уәкілетті органның ведомствосы және оның бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
4	Жүзбе мұздың пайда болуының және мұзқұрсаудың анықталуының болжамы (Ертіс, Сырдария, Іле)	Жылына бір рет (қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі және оның филиалдары	уәкілетті органның ведомствосы және оның бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
	Түркістан, Жамбыл, Алматы және			уәкілетті органның ведомствосы және

5	Шығыс Қазақстан облыстарының таулы өзендерінің бассейндеріндегі 1 сәуірдегі деректер бойынша ылғал қорының жиналуы туралы консультациялық анықтама және суару кезеңіндегі сулылыққа болжам	Жылына бір рет (1 сәуірге берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұлттық гидрометеороло-гиялық қызметі және оның филиалдары	оның бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
6	Қазақстан Республикасы бойынша күн сайынғы гидрологиялық бюллетені	Күн сайын (демалыс және мерекелік күндерін қоспағанда)	Ұлттық гидрометеороло-гиялық қызметі және оның филиалдары	уәкілетті органның ведомствосы және оның бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
7	Сырдария өзенінде мұзқұрсау кезеңіндегі су-мұз жағдайы туралы анықтама	1 желтоқсаннан бастап тұрған мұздың бұзылу күніне дейін күн сайын (демалыс және мерекелік күндерін қоспағанда)	Ұлттық гидрометеороло-гиялық қызметі және оның филиалдары	уәкілетті органның ведомствосы және оның бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
Ақмола облысы				
8	Өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясы, дағдарыс жағдайларында
9	Өзендер бойынша барынша жоғарғы	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша)	Ұлттық гидрометеороло-гиялық қызметтің Ақмола филиалы	

	су деңгейінің болжамы	болжам нақтыланады)		басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
10	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		
Ақтөбе облысы				
11	Өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің Ақтөбе филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясының Ақтөбе учаскесі, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
12	Өзендер бойынша барынша жоғарғы су деңгейінің болжамы	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		
13	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		
Алматы және Жетісу облыстары				
14	Өзендер мен су қоймаларындағы су балансы:		Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің Алматы филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясы
	Балқаш көлі бойынша	Жылына бір рет		
Қапшағай су қоймасы бойынша	Айына бір рет			
15	Ай сайынғы және 2 және 4 - тоқсандардағы Қапшағай су қоймасына ағып келген судың болжамы	Ай сайын, 1 наурыздағы және 1 сәуірдегі деректер бойынша жылына бір рет		
16	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Күн сайын		уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау

17	1 наурыздағы деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам)		жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясы, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
18	1 сәуірдегі деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 сәуірге берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша б о л ж а м нақтыланады)		
Атырау облысы				
19	Өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша б о л ж а м нақтыланады)		уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
20	Өзендер бойынша барынша жоғарғы су деңгейінің болжамы	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша б о л ж а м нақтыланады)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің Атырау филиалы	
21	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		
Батыс Қазақстан облысы				
22	Өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша б о л ж а м нақтыланады)		уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясының Батыс Қазақстан учаскесі, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық
23	Өзендер бойынша барынша жоғарғы су деңгейінің болжамы	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша б о л ж а м нақтыланады)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің Батыс Қазақстан филиалы	

24	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
Жамбыл облысы				
25	1 наурыздағы деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің Жамбыл филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Шу-Талас бассейндік инспекциясы, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
26	1 сәуірдегі деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 сәуірге берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		
27	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Күн сайын		
Қарағанды және Ұлытау облыстары				
28	Өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің Қарағанды филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Нұра-Сарысу бассейндік инспекциясы, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
29	Өзендер бойынша барынша жоғарғы су деңгейінің болжамы	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		
30	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		
Қостанай облысы				
		Жылына бір рет (1 наурызға берілген		

31	Өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұлттық гидрометеороло-гиялық қызметтің Қостанай филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
32	Өзендер бойынша барынша жоғарғы су деңгейінің болжамы	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		
33	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		
Қызылорда облысы				
34	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Күн сайын	Ұлттық гидрометеороло-гиялық қызметтің Қызылорда филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
		1 желтоқсаннан 1 сәуір кезеңінде		
Маңғыстау облысы				
35	Каспий теңізінің деңгейі туралы гидрологиялық деректер	Ай сайын	Ұлттық гидрометеороло-гиялық қызметтің Маңғыстау филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясының Маңғыстау учаскесі, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы

				уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
Түркістан облысы				
36	1 наурыздағы деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам)	Ұлттық гидрометеороло-гиялық қызметтің Түркістан филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының Түркістан учаскесі, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
37	1 сәуірдегі деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 сәуірге берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша б о л ж а м нақтыланады)		
38	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Күн сайын		
Павлодар облысы				
